




«Арқалық қаласындағы орталықтандырылған кітапхана жүйесі»ММ

Әдістеме-библиография бөлімі

## Ұлтын сүйіп, ұрпақ тәрбиесін ойлаған



*этнограф, журналист-жазушы, ақын, әдебиетші-ғалым, сатирик*

*Сейіт Кенжеахметұлы – 85 жыл*

*(1939-2011)*

**Библиографиялық көрсеткіш**





«Арқалық қаласындағы орталықтандырылған кітапхана жүйесі»ММ

Әдістеме-библиография бөлімі

## **Ұлтын сүйіп, ұрпақ тәрбиесін ойлаған**

*этнограф, журналист-жазушы, ақын, әдебиетші-ғалым, сатирик*

*Сейіт Кенжеахметұлы – 85 жыл*

*(1939-2011)*

Библиографиялық көрсеткіш

Арқалық қаласы, 2024 жыл

ӘОЖ 011

КБЖ 91

Ұ 47

Құрасты., компьют. терген: С. М. Көшкінбай  
Жауапты ред.: Д. Е. Құсайын

**Құрастырушы:** С. М. Көшкінбай  
**Шығарылымға жауапты:** Д. Е. Құсайын  
**Мұқабаны безендірген:** С. М. Көшкінбай  
**Редактор:** Д. Е. Құсайын

Ұлтын сүйіп, ұрпақ тәрбиесін ойлаған [Мәтін] этнограф, журналист-жазушы, ақын, әдебиетші-ғалым, сатирик Сейіт Кенжеахметұлының туғанына 85 жыл толуына арналған ) : Библиографиялық көрсеткіш /«Арқалық қаласындағы орталықтандырылған кітапхана жүйесі» ММ Әдістеме–библиография бөлімі ; [құраст.; С. М. Көшкінбай; шығарылымға жауапты Д. Е. Құсайын; ред. Д. Е. Құсайын]. – Арқалық : [б.б.], 2024. – 56 б. : сурет. – қазақ тілінде.


Әдістеме – библиография бөлімі этнограф, журналист-жазушы, ақын, әдебиетші-ғалым, сатирик Сейіт Кенжеахметұлының туғанына 85 жыл толуына арнап көрсеткіш дайындады. Көрсеткіште Сейіт Кенжеахметұлының өмірі туралы, сондай-ақ шығармашылық жолы жайында мағлұматтар берілген.

©Арқалық қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесі,  
әдістеме-библиография бөлімі

## Құрастырушыдан

Бәрімізге мәлім біздің халқымыз осынау өнер сарбаздарын жақсы көреді. Себебі жанға да, тәнге де күлкіден артық ем жоқ. Арғы бергі тарихта біздің шешендік өнерімізбен бірге туысқан, поэзия мен ауылдас өнер осы күлкі сықақ өнері. Біздің қағаз, қалам, хатқа жүйрік емес кезімізден ауыздан ауызға тарап, көп жасап келе жатқан өнер де осы. Осы өнердің туын көтеріп, өзіндік қолтаңбасымен дараланған, сан өнердің сарбазы, Торғай өңірінің бүгінгі мәдени-рухани өміріндегі темірқазығы Сейіт Кенжеахметұлының 85 жылдық мерейтойына орай Арқалық қаласындағы орталықтандырылған кітапханасының әдістеме-библиография бөлімі «Ұлтын сүйіп, ұрпақ тәрбиесін ойлаған» атты библиографиялық көрсеткішін ұсынады. Көрсеткіш мәдениет қызметкерлеріне, көпшілік оқырман қауымға арналады. Негізгі мақсат жас өскінді жазушының шығармашылығымен таныстыра отырып, өмірге бейімдеу, жан-жақты көзқарасын қалыптастыру, өз ұлтының әдебиетіне деген сүйіспеншілігін арттыру десек қателеспейтін шығармыз. Себебі біз көрсеткішке жазушының балалық шақ балдәуренінен бастап, алғашқы шығармаларын, одан алған әсерлерін, қайсы бір өлең-әңгімелерінің туу тарихын, басылымдарда жарық көрген мақалаларын, өмір жолын, небір қызықты сәттерін жазушының өз ауызынан естіп, жазып алып ұсындық. Көрсеткіште «Өнегелі өрісі кең», «Сейіті бар, Торғайдың» педагогикалық және қоғамдық қызметтері, «Сан өнердің сарбазы» өмірі мен шығармашылығы, «Сатираның уытты тілімен» ақын айтқан уытты өткір әзілдері, «Көрікті ойдың – көркем сөздері» бөліміне қаламдас жолдастарының жерлес ақын-жазушылардың, аға-інілердің, замандастарының айтқан лебіздері мен арнау өлеңдері, «Есімдер көрсеткіші», «Бірлесіп жазған авторлардың есімдер көрсеткіші» топтастырылған. Сонымен қатар, бұл көрсеткіште жалпы 140 библиографиялық жазбалар, кітапхана қорында бар материалдармен қамтылған. Сондай – ақ рухани байлығымыздың тұма көзі – кітапты насихаттауды төл міндетіне балайтын әрбір кітапханашылар, оқырмандар үшін бұл көрсеткіш жергілікті өңірге танымал қаламгерлердің мерейтойлық мерекелерін еске алып, оқырман мен қаламгер арасындағы алтын көпірдің орныға түсуіне бір мысқал болса да дәнекер бола ма деген ізгі ниет. Әдебиетті талантты тұлғалар жасайды демекші келер ұрпақ үшін жасалған бұл көрсеткіш әр оқырманның көңілінен табылар деген зор сенімдеміз. Бұл көрсеткіш барлық оқырман қауымға арналады.

## Өнегелі өрісі кең



Сейіт Кенжеахметұлы - 1939 жылы 12 қаңтарда Қостанай облысы, Жангелдин ауданы, Қызбел аймағындағы «Сарықопа» деген жерде туған. Қазақ мемлекеттік ауыл шаруашылығы институтында оқыған. Кейін ҚазМУ-дің журналистика факультетін бітірген. Еңбек жолын аудандық «Жаңа өмір» газетінің бөлім меңгерушілігінен бастаған. 1966-1977 жылдары Қостанай, Торғай облыстық газеттерінде әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы болып істеді. 1977-1989 жылдары Қазақстан Жазушылар одағының Торғай облысындағы кеңесшісі, 1989-2002 жылдары Торғай облыстық «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы әрі Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогика институтында доцент, кафедра меңгерушісі болып қызмет атқарды, қазақ әдебиеті тарихынан дәріс оқыды. 1990-1995 жылдарда Торғай облыстық «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы міндетін қоса атқарды. 2003 жылдан Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жанындағы «Отырар кітапханасы» Ғылыми-зерттеу орталығында аға ғылыми қызметкер, жетекші ғылыми қызметкер болды. Қазір Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институт ректорының кеңесшісі әрі осындағы ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері. Әдебиетте алғашқы қадамын сатиралық өлеңдер мен мысалдар жазудан бастаған. Тұңғыш туындылары 1957 жылдан бастап «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш»), «Егемен Қазақстан», «Қазақ әдебиеті» газеттерінде, «Ара», «Мәдениет және тұрмыс» («Парасат»), «Қазақстан әйелдері» журналдарында жариялайды. Әзіл-сықақ әңгімелерімен бірге шағын интермедиялар жазды. Оның интермедиялары «Тамаша» ойын-сауық отауында 30 жыл бойы қойылып келеді. Этнографиялық-танымдық еңбектері үшін «Ана тілі» газетінің «Ана тілінің саңлағы» құрметті атағын алды (1992). «Жеті қазына» атты 4 кітаптан тұратын ұлт мәдениетіне арналған ғылыми еңбегі үшін Қостанай облысы меценаттарының «Қазына» атты сыйлығын алды (2002). «Қазақ халқының салт-дәстүрлері» (2004-2007), «Қазақтың дархан дастарханы» (2006-2007) атты көлемді энциклопедиялық еңбектері қазақ, орыс, ағылшын, қытай, түрік, Әзірбайжан, т.б. тілдерде басылып шықты. «Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті» деп аталатын этнографиялық танымдық еңбегі 2006, 2007 жылдары Мәскеуде өткен әлемдік кітап баспаларының көрмесінде 2 рет үшінші дәрежелі диплом мен бағалы сыйлыққа ие болды. Соңғы аталған үш жинақ шетел баспаларында да басылып шықты және әлемнің 30-дай астам

мемлекеттерге тарады. Қазақтың мысал әңгімелері мен өлеңдерін құрастырып, 1981 жылы «Жалын» баспасынан бастырып шығарды. С.Олейник, С.Михалков, Ә.Несин, И.Крылов, т.б. ақын-жазушылардың шығармаларын аударған. Торғай және Арқалық қалаларының Құрметті азаматы (1989), ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері (2002), Қаз ССР Халық ағарту ісінің үздік қызметкері (1991), ҚР Құрмет Грамотасымен марапатталған.

## Сейіті бар, Торғайдың!

Торғай даласында «Қызбел» деп аталатын қыратты, шұрайлы жері бар. Одан төмен ен дала алып жатқан айнадай айдынды, ну қамысты, шүйгін, шұбырған аңы, шұбалған құсына сан жетпейтін, балығы тайдай тулаған, бақасы қойдай шулаған, сағасынан мөлдір суы кетпеген, жағасынан елі кетпеген «Сарықопа» атты көлі бар. Осы жерде қазақ сатирасының көрнекті өкілі, этнограф, журналист-жазушы, ақын, әдебиетші-ғалым Сейіт Кенжеахметұлы 1939 жылы 12 қаңтарда дүниеге келген. Балалық балдәурен шағы Ұлы Отан соғысымен тұспалдас келген ақын еркеліктің не екенін білмей, еңбекпен ерте есейді. Жастайынан білімге құштар, зейінді Сейіт Кенжеахметұлы мектепте әдебиет, тарих және сурет пәндерін жақсы меңгерді. Мектептен соң еңбек жолын мұғалімдіктен бастаған ол Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтында қазақ әдебиеті, тарихтан дәріс берді, әрі кафедра меңгерушісі болып жұмыс істеді. Ұлт мәдениетін оқытатын жеке мектеп ашты. Жазықсыз көз жұмған ХІХ-ХХ ғасырлар басындағы қазақ зиялыларын зерттеп тауып оны жастарға оқытты. Ал аудандық мәдениет бөлімінің халық театрында режиссер боп істеген кезде актерлік шеберлігінде ол өз жанынан шығарған балаң жырларында қосты. Сөйтіп «Талантты талап ұштайды» дегендей осы бір тірлік оның әдеби өмірінің бастауы болса керек. Сырттай ҚазМУ-дің журналист мамандығын меңгерген ол аудандық «Жаңа өмір», облыстық «Коммунизм таңы», «Торғай таңы» газеттерінде бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы қызметтерін атқарды. Оның қаламынан туған мақалалар оқырмандар назарына ілігіп, өзінің кәсіби журналист екенін танытып әрі әдеби өмірге шындап араласуға мүмкіндік туды. Ақындық қабілет қанына ана сүтімен дарыса керек. Анасы Салима ескішіді, жаңашада білімді әдебиетті терең түсінетін ақын адам болған. Бұған ақынның анасы жазған тарихи, діни қолжазбаларымен «Шәкір-Шәкірат» хикаясының қолжазбасы толық дәлел бола алады. Сондай-ақ жастайынан Торғай ақындары мен шешендерінің жүйелі сөздері мен жүйрік ойларын халық ауыз әдебиетінің озық үлгілерін көкейіне жаттап, зерделеп өскен талапты жас өсе келе сол жолды қуып, балалықтан даналыққа қадам басты. Ақынның өмірбаянын қарап отысаңыз, оның бабасы 1922 жылы жұтта, атасы 1932 жылы аштықта, әкесі 1942 жылы Ұлы Отан соғысында қаза болып, жетім жетіктің ащы дәмін татып өскенін білеміз. «Ащы өмір талантты оятады» демекші, бала кезден сөз қадірін сезініп, біліп өскен ақынның шығармаларында әр сөзінде қызу бар, әр сөз де оқ бар, әр сөзде жауын бар, жүректің лүпілі бар. Оның алғашқы сатиралық өлеңдері мен мысалдары 1957 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін



республикалық, еларалық газет-журналдарда үздіксіз жарияланып келеді. Сондай –ақ әзіл-сықақ әңгімелері мен шағын интермедиялары «тамаша» ойын-сауық отауында 30 жылдан астам уақыт бойы қойылып келеді. Туған жер топырағынан нәр алып, ана сүтімен қалыптасқан талант Сейіт Кенжеахметұлы бүгінде республикамызға танылған сатирик жазушы. Ұлтымыздың ұлылығын әспеген жазушының шығармалары оқырманын еркісіз өзіне тартып қызықтырады. Өйткені оның шығармаларында әлеуметтік мәселелерді өткір қозғайды, өмірлік адами тақырыптар терең жан-жақты сөз етіледі, кейіпкерлердің өмір тағдыры мен рухани кескін келбеті өмір сүрген заманының уақыт сырына қарай суреттеледі. Бастауында ақын-сатирик еді. Бүгінде этнограф ғалым. Ол тек қазақтың мәдениетін, тілін, діні мен салт-дәстүр ерекшеліктерін ғана емес басқа да ұлттардың, тіпті кейбір этникалық топтардың діни ғұрыпын, салтын жан-жақты зерттеген ғалым. Оның «Қазақ халқының салт-дәстүрлері», «Қазақтың дархан дәстүрлері», «Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті» атты этнографиялық танымдық еңбектері ұлт мәдениетін зерттеуінің жемісі. Шығармалары қазақ, орыс, ағылшын, қытай, қырғыз, түрік, араб, әзербайжан тілдеріне аударылған. Бұл шығармалары жоғары бағаланып, әлемнің 40-қа жуық мемлекеттеріне тараған. Аударма саласында да жемісті еңбек атқарды. Ол Ә. Несин, Л. Ленч, С. Олейник, С. Михалковтың шығармаларын қазақ тілінде тәржім алады. Жарты ғасыр ізденісінің нәтижесінде, қаламы құнарлы қаламгер халқына 32-ден астам туындысын ұсынды. Ұлт мәдениеті мен салт-дәстүріне арналған этнографиялық танымдық шығармалары мектеп оқулықтарына енген. Бар білігін, бар талант-дарынын жас ұрпаққа арнаған Сейіт Кенжеахметұлына ҚР «Халыққа білім беру ісінің құрметті қызметкері» (2022), ҚазССР «Халық ағарту ісінің үздік қызметкері» (1991), атақтары берілді. Этнографиялық танымдық еңбектері үшін «Ана тілінің саңлағы» (1992) құрметті атағы, «Жеті қазына» атты үш кітаптан тұратын ұлт мәдениетіне арналған ғылыми еңбегі үшін Қостанай облыстық меценаттар клубының «Қазына» сыйлығына ие болды. ҚР Құрмет грамотасымен марапатталған. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі және «Арқалық қаласының құрметті азаматы», «Торғай қаласының құрметті азаматы». Есімі Республикаға кеңінен танымал, елім деп егіліп, жұртым деп жұмылып, еңбекқорлықты өмірінің қос тізгіні етіп ұстаған ақтаңгер, тарлан жазушы, ақын, журналист, этнограф-ұстаз Сейіт Кенжеахметұлының өнегелі өмірімен парасатты еңбек жолы, азаматтық, ұлттық биік өрісі әрбір азаматқа үлгі боларлық.

Ең жақсы досың кім десе – кітап дер едім,  
Ұстазың кім десе – кітап дер едім.

Байлығың не десе – кітап дер едім,  
Мақсатың не десе – жақсы кітап жазу дер едім. – деп бар байлығын кітаптан  
тапқан, құнарды да құнды кітап жазып мақсатына жеткен жазушының алдағы  
уақытта да талайды тамсандыратын тамаша туындыларының куәсі  
боларымыз сөзсіз.

**Жазушы, этнограф, мәдениеттанушы, сатирик, ғалым  
Сейіт Кенжеахметұлының  
өмірі мен қызметінің негізгі кезеңдері**

- 12.01.1939-** Жангелдин ауданы, Қызбел өңірінің «Сарықопа» жерінде туған.
- 1957 -** Торғай қ. Ы.Алтынсарин атындағы орта мектепті бітірген.
- 1960-1963-** Алматы мемлекеттік ауылшаруашылық институтында оқыды.
- 1961-1963-** А.Имановтың мемориалдық музейінің директоры (Торғай)
- 1963-1965 –** Жанкелдин аудандық мәдениет үйі жанындағы драма үйірмесінің режиссері әрі суретші-декораторы (Торғай)
- 1966** Қостанай облыстық «Коммунизм таңы» газетінің қызметкері
- 1967** Облыстық жас ақындар айтысның арнаулы жүлдегері атанды.
- 1967** «Кәрі шеңгел» сықақ өлеңдер жинағы «Жазушы» баспасынан жарық көрді
- 1969** С. М. Киров атындағы ҚазМУ-дің журналистика факультетінің студенті
- 1970-1977** Торғай облысына шақырылып «Торғай таңы» газетінің әдебиет және өнер бөлімінің меңгерушісі және облыстық әдебиет бірлестігі бюросының төрағасы (Арқалық қ.)
- 1971** Қазақстан жазушыларының IV съезінде делегаты болып қатысты
- 1971** Облыстық ақындар айтысын ұйымдастырғаны үшін «Құрмет грамотасы» мен марапатталды.
- 1971-1983** Облыстық I-IX ақындар айтысының жюри төрағасы
- 1972-1985** Облыстық тарихи-өлкетану музейінің көркемдік кеңесінің мүшесі (Арқалық қ.)
- 1973** СССР Жазушылар одағының мүшелігіне қабылданды

- 1972-1988** С. Қожамқұлов атындағы Торғай облыстық қазақ музыкалық драма театрының көркемдік кеңесінің мүшесі (Арқалық қ.)
- 1977-1989** Қазақстан Жазушылар Одағының Торғай облысындағы кеңесшісі (Арқалық қ.)
- 1989** «Арқалық қаласының Құрметті азаматы» атағы берілді
- 1989-2002** Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының аға оқытушысы, доцент, кафедра меңгерушісі, ғылыми кеңес мүшесі (Арқалық қ.)
- 1991** ҚР Құрмет грамотасымен марапатталды
- 1991-1995** Торғай облыстық «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы (Арқалық қ.)
- 1991** ҚазССР халық ағарту ісінің үздік қызметкері белгімен марапатталды.
- 1992-1996** Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының басқарма мүшесі
- 1992** Бүкіл дүниежүзі қазақтарының құрылтайына қатысты
- 1992** Этнографиялық танымдық еңбектері үшін «Ана тілінің саңлағы» атағы берілді
- 1991-2000** «Сарыарқа» әдеби, көркем журналы ақылдастар алқасының мүшесі
- 1994** Ұлт мәдениетін оқытатын «Ұлттық жеке мектебі» ашылды
- 1994-1999** «Қазақ әдебиеті» газетінің лауреаты атанды.
- 1999-2006** Астана қ. өткізілген «Тазша бала» байқауының жюри мүшесі
- 1999** «Б. Қыдырбекұлы атындағы сыйлықтың» иегері атанды
- 1999** «Торғай қаласының Құрметті азаматы» атанды
- 2000** «Ара» журналы ақылдастар алқасының мүшесі

- 2001** Алматы қ. сықақшылармен орындаушылардың республикалық байқауының жюри мүшесі
- 2002** Ұлт мәдениеті арналған ғылыми еңбек үшін «Қазына» сыйлығын алды
- 2002** «ҚР халыққа білім беру саласының Құрметті қызметкері» атағы берілді.
- 2003-2009** Л. Гумелев атындағы Еуразия Ұлттық университеті жанындағы «Отырар кітапханасы» ғылыми зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері, жетекші ғылыми қызметкері (Арқалық қ.)
- 2005** Қазақстан Жазушылар одағының Ақсақалдар алқасының мүшесі
- 2008** Халықаралық «Түркі әлемі» апталығының Құрметті кеңесшісі
- 2009** «Дәстүр» ғылыми-танымды журналының редакциялық коллегия мүшесі.
- 2009** Республикалық «Тіл» журналы алқасының мүшесі
- 2009** Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты ректорының кеңесшісі және «Тарихи мұрны зерттеу және елжандылық тәрбие беру орталығының аға ғылыми» қызметкері болды (Арқалық қ.)

## Шығармалары

1. Кенжеахметұлы, С. Кәрі шеңгел [Мәтін] : сын-сықақ өлеңдер / Сейіт Кенжеахметұлы. – Алматы: Жазушы, 1967. – 32 б.
2. Кенжеахметұлы, С. Қуырдақ [Мәтін] : сықақтар мен мысалдар / Сейіт Кенжеахметұлы. – Алматы: Жазушы, 1969. – 70 б.
3. Кенжеахметұлы, С. Киіз қазық [Мәтін] : мысал, сықақ, өлеңдер / Сейіт Кенжеахметұлы. – Алматы: Жазушы, 1975. – 56 б.
4. Кенжеахметұлы, С. Сөз – семсер [Мәтін] : сықақтар мен мысалдар / Сейіт Кенжеахметұлы. – Алматы: Жалын, 1977. – 48 б.
5. Кенжеахметұлы, С. Ел құлағы елу [Мәтін] : сықақтар мен мысалдар / Сейіт Кенжеахметұлы. – Алматы: Жазушы, 1980. – 72 б.
6. Кенжеахметұлы, С. Айтпады деменіз [Мәтін] : әзіл-сықақ әңгімелер мен фельтондар / Сейіт Кенжеахметұлы. – Алматы: Жалын, 1981. – 96 б.
7. Кенжеахметұлы, С. Қазақ мысалдары [Мәтін] : мысал әңгімелер мен өлеңдер / Сейіт Кенжеахметұлы. – Алматы: Жалын, 1981. – 152 б.
8. Кенжеахметұлы, С. Тышқан тірлік [Мәтін] : әзіл-сықақ әңгімелер / Сейіт Кенжеахметұлы. – Алматы: Жазушы, 1983. – 176 б.
9. Кенжеахметұлы, С. Аттеріс [Мәтін] : сықақтар мен мысалдар / Сейіт Кенжеахметұлы. – Алматы: Жалын, 1985. – 96 б.
10. Кенжеахметұлы, С. Мердің оғы [Мәтін] : сықақ өлеңдер, мысалдар, бірқақпайлар / Сейіт Кенжеахметұлы. – Алматы: Жазушы, 1990. – 214 б.
11. Кенжеахметұлы, С. Ата мұра [Мәтін] : этнографиялық танымдық жинақ / құраст. Сейіт Кенжеахметұлы. – Арқалық, – 1990. – 69 б.
12. Кенжеахметұлы, С. Торғай жазушылары [Мәтін] : анықтамалық / құраст. Сейіт Кенжеахметұлы. – Арқалық, 1991. – 43 б.
13. Кенжеахметұлы, С. Шешендерден қалған сөз [Мәтін] : шешендердің аталы сөздері, сын-сықақтары мен әзіл-қалжындары / Сейіт Кенжеахметұлы. – Арқалық, 1992. – 114 б.
14. Кенжеахметұлы, С. Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет ғұрыптары [Мәтін] : энциклопедия / Сейіт Кенжеахметұлы. – Алматы: Ана тілі, 1994. – 80 б.
15. Кенжеахметұлы, С. Ұлттық әдет-ғұрыптың беймәлім 220 түрлері [Мәтін] / Сейіт Кенжеахметұлы. – Алматы: Санат, 1998. – 256 б.
16. Кенжеахметұлы, С. Күлкіден айырмасын [Мәтін] : әзіл, сықақ әңгімелер / Сейіт Кенжеахметұлы. – Алматы, 1999. – 368 б.

17. Кенжеахметұлы, С. Жеті қазына. 1-кітап [Мәтін] : жиған-терген / Сейіт Кенжеахметұлы. – Алматы, 2002. – 136 б.
18. Кенжеахметұлы, С. Жеті қазына. 2-кітап [Мәтін] : жиған-терген / Сейіт Кенжеахметұлы. – Алматы, 2002. – 136 б.
19. Кенжеахметұлы, С. Туыстық атаулар сыры [Мәтін] / Сейіт Кенжеахметұлы. – Алматы, 2003. – 48 б.
20. Кенжеахметұлы, С. Қазақ халқының салт-дәстүрлері [Мәтін] / Сейіт Кенжеахметұлы. – Алматы, 2004. – 284 б.
21. Кенжеахметұлы, С. Қазақтың дархан дастарханы [Мәтін] / Алматы. «Алматы кітап» ЖШС, 2005. – 240 б.
22. Кенжеахметұлы, С. Жеті қазына. 3-кітап [Мәтін] : екі томдық кітап / Сейіт Кенжеахметұлы. Алматы, 2006. – 136 б.
23. Кенжеахметұлы, С. Жеті қазына [Мәтін]: 1-ші кітап / С. Кенжеахметұлы; ред. Пионер Қ. – Алматы: Ана тілі, 2007. – 136 б.
24. Кенжеахметұлы, С. Жеті қазына [Мәтін]: 2-ші кітап / С. Кенжеахметұлы; ред. Қ. Пионер. – Алматы: Ана тілі, 2007. – 136 б.
25. Кенжеахметұлы, С. Жеті қазына [Мәтін]: 3-ші кітап / С. Кенжеахметұлы; ред. Қ. Пионер. – Алматы: Ана тілі, 2007. – 136 б.
26. Кенжеахметұлы, С. Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті [Мәтін] / Сейіт Кенжеахметұлы. – Алматы, 2007. – 384 б.
27. Кенжеахметұлы, С. Шешендерден қалған сөз [Мәтін] : арабша. – ҚХР. Үрімжі: Шыңжан, 2007. – 145 б.
28. Кенжеахметұлы, Сейіт. Мірдің оғындай [Мәтін]: Сықақ өлеңдер мен мысалдар / С. Кенжеахметұлы; Редактор Қ. Назырбаев. – Астана: Нұра-Астана, 2008. – 296 б.
29. Кенжеахметұлы, С. Күлкінің киіз кітабы [Мәтін] : әзіл, сықаққа әңгімелер / Сейіт Кенжеахметұлы. Алтын бесік-2. 2009. – 316 б.
30. Кенжеахметұлы, С. Қазақ қағидарлары [Мәтін] : этнографиялық танымдық жинақ / Сейіт Кенжеахметұлы. – Алматы, 2009. – 310 б.
31. Кенжеахметұлы, С. Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет ғұрыптары [Мәтін] : энциклопедия / Сейіт Кенжеахметұлы. – Алматы: Атамұра, 2009. – 80 б.
32. Кенжеахметұлы, С. Жеті қазына [Мәтін]: 1-ші кітап / С. Кенжеахметұлы; Редакторы Ш. Рахымбекова. – Алматы: Ана тілі, 2010. – 136 б.
33. Кенжеахметұлы, С. Жеті қазына: 2-кітап / С. Кенжеахметұлы; Редакторы Ш. Рахымбекова. – Алматы: Ана тілі, 2010. – 136 б.

34. Кенжеахметұлы, С. [Мәтін]: Күлкінің киіз кітабы: әзіл, сықақ әңгімелер / С. Кенжеахметұлы; ред. Таңбин Қ. – Астана: Нұра-Астана, 2010. – 400 б.
35. Кенжеахметов, С. Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары [Мәтін]: қазақ мәдениетінің суретпен безендірілген энциклопедиялары / С. Кенжеахметов; ред. Пірманов, Ә. – Алматы: Атамұра, 2010. – 384 б.
36. Кенжеахметұлы, С. Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары=Казахские обычаи и обряды [Мәтін]: Энциклопедиялық басылым / С. Кенжеахметұлы; Редакторлары Н. Жиенғалиев, Н. Бекхожаева. – Алматы: Атамұра, 2015. – 224 б.

### **Мерзімді басылым беттеріне шыққан басылымдары:**

37. Кенжеахметұлы, С. Кім кінәлі? [Мәтін] : әңгіме / Сейіт Кенжеахметұлы // Торғай таңы. – 1972. – 1 мамыр; Ара. – 1973. – № 8. – Б. 12.
38. Кенжеахметұлы, С. Табылған ақыл [Мәтін] : [өлең] / Сейіт Кенжеахметұлы // Торғай таңы. – 1972. – 28 қазан. – Б. 3.
39. Кенжеахметұлы, С. Тұңғыш журналист [Мәтін] : [журналист Мұхамбетжан Сералин 60 жаста] / Сейіт Кенжеахметұлы // Торғай таңы. – 1972. – 30 қыркүйек. – Б. 3.
40. Кенжеахметұлы, С. Айтып айтпай не керек [Мәтін] / Сейіт Кенжеахметұлы // Торғай таңы. – 1973. – 24 наурыз. – Б. 3.
41. Кенжеахметұлы, С. Әркімдерде хауіл бар [Мәтін] / Сейіт Кенжеахметұлы // Торғай таңы. – 1973. – 21 ақпан. – Б. 3.
42. Кенжеахметұлы, С. Беташар [Мәтін] : [өлең] / Сейіт Кенжеахметұлы // Торғай таңы. – 1973. – 3 қараша. – Б. 3.
43. Кенжеахметұлы, С. Енді байқайық [Мәтін] / Сейіт Кенжеахметұлы // Қазақ әдебиеті. – 1973. – 23 қазан. – Б. 3.
44. Кенжеахметұлы, С. Жиын ба, құйын ба? [Мәтін] / Сейіт Кенжеахметұлы // Торғай таңы. – 1973. – 14 сәуір; 1979. – 8 наурыз. – Б. 3.
45. Кенжеахметұлы, С. Көңіл сұрау; Қоқан тасып кетті [Мәтін] / Сейіт Кенжеахметұлы // Социалистік Қазақстан. – 1973. – 16 қазан. – Б. 3.
46. Кенжеахметұлы, С. Достық әзілдер [Мәтін] / Сейіт Кенжеахметұлы // Торғай таңы. – 1972. – 7 қазан; 1974. – 1 қаңтар; 1977. – 5 мамыр. – Б. 3.



47. Кенжеахметұлы, С. Ескерткіш ел мұрасы [Мәтін] / Сейіт Кенжеахметұлы // Торғай таңы. – 1972. – 12 қаңтар, Лениншіл жас. – 1976. – 25 желтоқсан. – Б. 3.
48. Кенжеахметов Сейіт, Бөрі мен мысық ; Құстар қоғамында : [мысал] / С. Кенжеахметов // Тың шұғыласы. – 1985. – 4 май. – Б. 4.
49. Кенжеахметов Сейіт, Қазіргі Қарынбай : (Сықақ) / С. Кенжеахметов // Тың шұғыласы. – 1985. – 6 сәуір. – Б. 4.
50. Кенжеахметов Сейіт, Топжарған : [алаштың ардақтысы ақын Нұрхан Ахметбековтың туғанына 100 жыл] / С. Кенжеахметов // Егемен Қазақстан. – 2003. – 3 қазан. – Б. 3.
51. Кенжеахметұлы Сейіт, Этнографиялық этюдтер : [ырым дар мен тыйымдар] / С. Кенжеахметұлы // Егемен Қазақстан. – 2003. – 31 желтоқсан. – Б. 6.
52. Кенжеахметұлы Сейіт, Ұлттың ұлы ұстазы : [Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен шығармашылығы туралы] / С. Кенжеахметұлы // Қостанай таңы. – 2006. – 10 қазан. – Б. 4.
53. Кенжеахметұлы Сейіт, Міжақып Дулатов туралы әр дәуірдегі көзқарас : [Алаш арысы Міржақып Дулатов туралы] / С. Кенжеахметұлы // Қостанай таңы. – 2010. – 30 желтоқсан. – Б. 5.
54. Кенжеахметұлы, Сейіт. Міжақып Дулатов туралы әр дәуірдегі көзқарас [Мәтін] : [Алаш арысы Міржақып Дулатов туралы] / С. Кенжеахметұлы // Қостанай таңы. – 2010. – 30 желтоқсан. – Б. 6.
55. Кенжеахметұлы, Сейіт. Міжақып Дулатов туралы әр дәуірдегі көзқарас [Мәтін] : [Алаш арысы Міржақып Дулатов туралы] / С. Кенжеахметұлы // Қостанай таңы. – 2010. – 30 желтоқсан. – Б. 5.
56. Кенжеахметұлы Сейіт, Жеті ата деп кімдерді айтамыз? : [өз ұрпағына жеті атасын білу тәрбиелік дәстүрі туралы] / С. Кенжеахметұлы // Қостанай таңы. – 2011. – 6 қаңтар. – Б. 5.
57. Кенжеахметұлы Сейіт, Жалғыз саусағы ғана жерленген... немесе қазақ Батырларының басы қайда қалмаған? : [аты аңызға айналған батырлар] / С. Кенжеахметұлы // Айқын. – 2011. – 6 қаңтар. – Б. 25.
58. Кенжеахметұлы Сейіт, Жалғыз саусағы ғана жерленген... немесе қазақ Батырларының басы қайда қалмаған? [Мәтін] : [ аты аңызға айналған батырлар] / С. Кенжеахметұлы // Айқын. – 2011. – 6 қаңтар. – Б. 25.
59. Кенжеахметұлы, Сейіт. Жеті ата деп кімдерді айтамыз? [Мәтін] : [өз ұрпағына жеті атасын білу тәрбиелік дәстүрі туралы] / С. Кенжеахметұлы // Қостанай таңы. – 2011. – 6 қаңтар. – Б. 5.
60. Кенжеахметов Сейіт, Қан : (деректі әңгіме) / С. Кенжеахметов // Қостанай таңы. – 2016. – 10 маусым. – Б. 9.

61. Кенжеахметұлы, С., Халық ауа райын қалай болжаған? / С. Кенжеахметұлы // Бала би. – 2016. – № 3. – Б. 14–15.
62. Кенжеахметұлы, С., Халық ауа райын қалай болжаған? / С. Кенжеахметұлы // Бала би. – 2016. – № 3. – Б. 14–15.
63. Кенжеахметұлы Сейіт, Қан : [деректі әңгіме] / С. Кенжеахметұлы // Қостанай таңы. – 2016. – 10 маусым. – Б. 9.
64. Кенжеахметов Сейіт, Құдай тілі ; Қайынағамен қалжың ; Академик білмегенді білген ақын : [сатиралық әңгімелер] / С. Кенжеахметов; айқарма бетті дайындаған Дамир Әбіш // Қостанай таңы. – 2016. – 30 наурыз. – Б. 6.
65. Кенжеахметұлы, Сейіт. Қан [Мәтін] : [деректі әңгіме] / С. Кенжеахметұлы // Қостанай таңы. – 2016. – 10 маусым. – Б. 9.
66. Кенжеахметов, Сейіт. Қан [Мәтін] : (деректі әңгіме) / С. Кенжеахметов // Қостанай таңы. – 2016. – 10 маусым. – Б. 9.
67. Кенжеахметов, Сейіт. Құдай тілі ; Қайынағамен қалжың ; Академик білмегенді білген ақын [Мәтін] : [сатиралық әңгімелер] / С. Кенжеахметов // Қостанай таңы. – 2016. – 30 наурыз. – Б. 6.
68. Кенжеахметұлы, С., Халық ауа райын қалай болжаған? / С. Кенжеахметұлы // Бала би. – 2016. – № 3. – Б. 14–15.
69. Кенжеахметов Сейіт, Ұлттық ұлағатты ұғымдар : [Халық қазынасы] / С. Кенжеахметов; (суретші Дәурен Қастеев) // Айгөлек. – 2017. – № 6. – Б. 20–21.
70. Кенжеахметұлы Сейіт, Қожанасырдың бірінші әңгімесі : [әңгіме] / С. Кенжеахметұлы // Аманкелді арайы. – 2017. – 27 қазан. – Б. 8; 13 қазан. – Б. 8.
71. Кенжеахметұлы, С., Қазақы ырымдар : [ырымдар] / С. Кенжеахметұлы // Жыл-он екі ай. – 2017. – № 4. – Б. 10–11.
72. Кенжеахметұлы, С., Қазақы ырымдар : [ырымдар] / С. Кенжеахметұлы // Жыл-он екі ай. – 2017. – № 4. – Б. 10–11.
73. Кенжеахметұлы, С, Халықтық атақ алғандар : [Ел арасындағы елеулі, еңбек сіңірген ерлер] / С. Кенжеахметұлы // Жыл - он екі ай. – 2017. – № 6. – Б. 66–68.
74. Кенжеахметов, Сейіт. Ұлттық ұлағатты ұғымдар [Мәтін] : [Халық қазынасы] / С. Кенжеахметов // Айгөлек. – 2017. – № 6. – Б. 20–21.
75. Кенжеахметұлы, С, Халықтық атағын алғандар [Мәтін] : [Ел арасындағы елеулі, еңбек сіңірген ерлер] / С. Кенжеахметұлы // Жыл - он екі ай. – 2017. – № 6. – Б. 66–68.
76. Кенжеахметұлы, Сейіт. Қожанасырдың бірінші әңгімесі [Мәтін] : [әңгіме] / С. Кенжеахметұлы // Аманкелді арайы. – 2017. – 27 қазан. – Б.

- 8.
77. Кенжеахметұлы, Сейіт. Қожанасырдың бірінші әңгімесі [Мәтін] : [әңгіме] / С. Кенжеахметұлы // Аманкелді арайы. – 2017. – 27 қазан. – Б. 8.
78. Кенжеахметұлы, С. Халықтық атақ алғандар : [Ел арасындағы елеулі, еңбек сіңірген ерлер] / С. Кенжеахметұлы // Жыл - он екі ай. – 2017. – № 6. – Б. 66–68.
79. Кенжеахметұлы, С. Қазақы ырымдар [Мәтін] : [ырымдар] / С. Кенжеахметұлы // Жыл-он екі ай. – 2017. – № 4. – Б. 10–11.
80. Кенжеахметұлы, С. Туыстық атау сырлары [Мәтін]: [атаулар] / С. Кенжеахметұлы // Бала би. – 2018. – № 9. – Б. 26–28.
81. Кенжеахметұлы, С. Туыстық атау сырлары [Мәтін] : [нағашы жұрт - туған ананың үрім-бұтақтары] / С. Кенжеахметұлы // Бала би. – 2018. – № 9. – Б. 26–29.
82. Кенжеахметұлы, С., Туыстық атау сырлары : [атаулар] / С. Кенжеахметұлы // Бала би. – 2018. – № 9. – Б. 26–28.
83. Кенжеахметұлы, С. Туыстық атау сырлары [Мәтін] : [нағашы жұрт - туған ананың үрім-бұтақтары] / С. Кенжеахметұлы // Бала би. – 2018. – № 9. – Б. 3.
84. Кенжеахметұлы Сейіт, Ақиқатын айтып кеткен ақын : [ақын Шәміл Мұхамеджанов] / С. Кенжеахметұлы // Торғай. – 2019. – 19 қазан. – Б. 4.
85. Кенжеахметұлы Сейіт, Жақсы сөз - жарым ырыс : [қазына] / С. Кенжеахметұлы // Бала би. – 2019. – № 4. – Б. 22–25.
86. Кенжеахметұлы, С., Жақсы сөз -- жарым ырыс : [қазына] / С. Кенжеахметұлы // Бала би. – 2019. – № 4. – Б. 22–25.
87. Кенжеахметұлы Сейіт, Төрт түлік : Қазақтың атакәсібі / С. Кенжеахметұлы // Айгөлек. – 2019. – № 6. – Б. 14–15.
88. Кенжеахметұлы Сейіт, Туысқандар : (Қазақы дәстүр) / С. Кенжеахметұлы // Иман. – 2020. – № 10. – Б. 26–27.
89. Кенжеахметұлы Сейіт, Өлеңімен жеткізетін сезімін : [өлең] / С. Кенжеахметұлы // Қостанай таңы. – («Қостанай ақшамы» танымдықтағылымдық, көңілашар қосымшасы). – 2021. – 28 мамыр. – Б. 12.
90. Кенжеахметұлы, С., Дәстүрлер ізімен : [қазақтың салт-дәстүрі туралы] / С. Кенжеахметұлы; сурет бар // Зеленое яблоко. – 2023. – 14 қараша (№ 44). – Б. 4.

## Ол туралы:

91. Жүнісұлы Жақсылық, Елмен тағдырлас, жермен тамырлас : [сатирик С. Кенжеахметов 60 жаста] / Ж. Жүнісұлы // Торғай. –1999. – 29 сәуір. – Б. 4.
92. Байділдин Шөптібай, Кеудесі жақсылардың алтын сандық : [ғалым Сейіт Кенжеахметұлы туралы] / Ш. Байділдин // Қостанай таңы. – 2009. – 13 қараша. – Б. 5.
93. Салғараұлы, Қойшығара. Сан өнердің сарбазы [Мәтін] : [белгілі сатирик Сейіт Кежеахметұлы туралы] / Қ. Салғараұлы // Қазақ. – 2009. 16 қаңтар. – Б. 15.
94. "Жазушымен бір жылғы ғұмырым бір ғасырға татиды" : [қазақтың көрнекті сатиригі Сейіт Кенжеахметұлы туралы : фотосурет бар] / әңгімелескен Оразалы Жақсанов // Алтын орда. – 2012. – 2 ақпан. – Б. 18.
95. Даркенов Құрманғазы, Жақсы өтті жаны жайсаң жадыраған : [біртуар талант Сейіт Кенжеахметов туралы] / Қ. Даркенов // Қостанай таңы. – 2012. – 13 сәуір. – Б. 7.
